

Түркі тілді мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын, ЮНЕСКО мен Бүкілдүниежүзілік Туристік Ұйымның Ұлы Жібек жол бойындағы туризм инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобасы Қазақстан Республикасында іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 3476

Түркі тілді мемлекеттік Басшыларының 1996 жылғы 21 қазандағы Ташкент декларациясын, ЮНЕСКО мен Бүкілдүниежүзілік Туристік ұйымның "Жібек жолын кешенді зерттеу - пікірлесу жолы" жобасын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Білім және мәдениет министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы ЮНЕСКО мен Бүкілдүниежүзілік Туристік ұйымның жобасын Ұлы Жібек жолының қазастандық бөлігі бойынша қоса атқарушысымен ("Жібек жолы" компаниясымен) бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының "Жібек жолының тарихи орталықтарын жаңғырту, түркі тілді мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабактастыру, дамыту, туризм инфрақұрылымын құру" мемлекеттік бағдарламасының жобасын 1997 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізетін болсын.

2. Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жезқазған, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері және Алматы қаласының әкімі осы Жарлықтың 1-тармағында аталған мемлекеттік бағдарлама жобасының іске асырылуына жәрдем жасалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының "Жібек жолы" Ұлттық комитетінің құрамын қайта қарап, оның қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде:

бірегей туристік әуелет пен тарихи-мәдени мұраны кеңінен насихаттау мен сақтауды ұйымдастыруға;

туризм саласында экономикалық реформаларды терендетуге;

әлемдік стандарттар деңгейінде шағын мейманханалар, қонақ үйлер, мотельдер мен кемпингтер желісін қалыптастыру жөніндегі жұмысты үйлестіруге;

осы заманғы мәдени және спорт-сауықтыру орталықтарын құруға жәрдемдесуге;

туризм саласында кадрларды даярлау мен қайта даярлауға бағытталған шаралар қолданын;

2) бюджетте мәдениетті дамытуға көзделген қаражат шегінде Алматы қаласында көшпенді өркениеттің мұражайы және Алматы облысында "Талғыз" туристік Мәдени-этнографиялық кешенін құратын болсын;

3) ЮНЕСКО мен Бүкілдүниежүзілік Туристік ұйымның аясында

өткізілетін Ұлы Жібек жолын жаңғырту мен кешенді зерттеу мәселелеріне арналған халықаралық форумдарға, конференцияларға, симпозиумдарға Қазақстан Республикасы делегациясының әзірленуі мен қатысуын қамтамасыз етсін.

4) Осы Жарлық оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК